

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ №39 «Достық» бөбекжай-
балабақшасы МКҚК сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау
нәтижелері бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Ақтөбе қаласы

2026 жылғы 08 қаңтар

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы «30» желтоқсан № 488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымшасына сәйкес жүргізілді.

Талдаудың мәні:

- 1) Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау;
 - 2) Қызметтер қақтығысын реттеу;
 - 3) Мемлекеттік қызмет көрсету;
 - 4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;
 - 5) Бақылау- тексеру функцияларын іске асыру;
 - 6) Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
 - 7) Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
 - 8) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- Балабақшаның ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Талдауды жүргізу мерзімі: 06-08 қаңтар 2026 жыл

Талдауды жүргізу кезеңі: 06.01.2025 ж.-06.01.2026 ж.

Талданатын нысан туралы мәлімет: №39 «Достық» бөбекжай- балабақшасы

Мекен жайы: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Чекалин көшесі 36 «А»

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ құрылымдық кәсіпорыны болып табылады. №16 «Аққайың» бөбекжай- балабақшасы МКҚК құзыретіне жататын функцияларды, жоспарлы құжаттарды, нормативтік-құқықтық актілерді орындауға, мемлекеттік органның жоспарлы құжаттарында көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, мемлекеттік қызметтер көрсетуге бағытталған іске асыру функцияларын жүзеге асыру кәсіпорынның негізгі міндеті болып табылады.

Кәсіпорын өз қызметі мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарына, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, Ақтөбе қаласы әкімдігінің қаулыларына, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ -нің , №39 «Достық» бөбекжай- балабақшасы МКҚК бұйрықтарына сәйкес жүзеге асырады.

- 1) Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау.

Кәсіпорын меңгерушісі:

Қызылбаева Гүлжан Тынышовна.

2025 жылғы 06.01.2025 «Достық» бөбекжай- балабақшасы МКҚК персоналды басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазым иелері анықталмады. Жүргізілген талдау қортындысы бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері анықталған жоқ.

теріс қылық жасалмаған.

Негіздеме: талдау көрсеткендей, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін лауазымды тұлғалардың жауаптылыққа тартылу фактілері орын алған жоқ.

Жұмыс тобының қорытындылары:

Кәсіпорынның персоналды басқару қызметі тиісті дәрежеде жүргізіліп отыр. Дегенмен, кәсіпорынның қызметкерлерінің қызметтік этика қағидаларын, әлеуметтік тәртіпті қатаң сақтау мақсатында тиісті дәрежедегі ақпараттық шараларды өткізу тәжірибесін әрі қарай үнемі жетілдіру.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Негіздеме: талдау барысында мемлекеттік қызметте мүдделер қақтығысының фактілері анықталған жоқ.

Жұмыс тобының қорытындылары:

1) Балабақшадағы мүдделер қақтығысын болдырмау шаралары- қызметкерлердің жеке мүдделері мен лауазымдық міндеті араласуына жол бермеуге бағытталған құқықтық және ұйымдастырушылық әрекеттерді жүйелі жүргізу.

2) Мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында ашықтық, заңдылық, әділ конкурс, әділ бағалау, бақылау жүйесі арқылы қамтамасыз ету.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету

Негіздеме: талдау барысында анықталғаны балабақшадағы мемлекеттік қызмет түрлері Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартына сәйкес жүргізіледі.

1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау;

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды өткестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау.

3. Мемлекеттік білім беру ұйымдарына педагогтарды конкурс арқылы қабылдау қағидалары.

Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің ең заманауи әдісі болып оларды электронды форматта өткізіледі. Қазіргі таңда кәсіпорында 261 бала тәрбиеленуде. Балабақшаға балаларды қабылдау **бірыңғай цифрлық жүйелер арқылы** жүзеге асырылады. Автоматтандырылған жүйе аталған процедураның тазалығы мен сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасамауға ықпал етеді.

06.01.2025 -06.01.2026 жыл аралығында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау бойынша – 119 мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын

іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау бойынша –3, мемлекеттік білім беру ұйымдарына педагогтарды конкурс арқылы қабылдау бойынша -9 қызмет көрсетілген.

Жұмыс тобының қорытындылары мен ұсынымдары:

1) Басқарудағы көрсетілетін барлық қызмет түрлері тиісті деңгейде жүргізуді одан әрі жалғастыру.

2) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында бірыңғай цифрлық жүйелер арқылы мемлекеттік қызмет бойынша құжаттарды тапсыру бойынша ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын үнемі жүргізу.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Кәсіпорында рұқсат беру функциялары жоқ.

5. Бақылау функцияларын іске асыру

Кәсіпорында бақылау функциялары жоқ.

6) Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Негіздеме: талдау барысында мемлекеттік мекеме- балабақшаға бөлінген қаржы жоспарға сай, мақсатты түрде заң талаптарын сақтай отырып жұмсалған. Жылдық қаржылық жоспар бойынша қызметкерлердің еңбекақысы, коммуналдық қызметтер, салық түрлері, оқу-материалдық базаны толықтыру қызмет түрлеріне жұмсалған. Барлық мемлекеттік сатып алулар Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес жүргізілген.

Жұмыс тобының қорытындылары мен ұсынымдары:

1) Бюджет қаражатын игеру қағидаларын: жоспарлау, заңдылық, ашық сатып алулар, бақылау мен есеп беру жұмыстарын қатаң қадағалау.

2) Есепшінің лауазымдық міндетін сақтай отырып, жауапкершілігін одан әрі арттыру.

7) Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;

Негіздеме: талдау барысында жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу барысында балабақша тарапынан келісімшарттарды дұрыс рәсімдеу, орындау және бақылау кезіндегі заң талаптары сақталғандығы анықталды. Шарттық қатынастар ҚР Азаматтық кодесімен, Еңбек кодесімен, Бюджет кодексімен, Мемлекеттік сатып алу туралы заңымен реттелген.

Жұмыс тобының қорытындылары мен ұсынымдары:

1) Шарт жасасудағы заңдылық, қаржылық тәртіп, сапа мен мерзімді сақтау, бұзушылық үшін құқықтық жауапкершілікті сақтауды одан әрі жетілдіру, заңсыздыққа жол бермеу.

8) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Негіздеме: талдау барысында балабақшадағы ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану дұрыс жолға қойылған. Барлық процестер: қабылдау, есеп, қаржы, оқу процесі цифрлық форматқа көшіріліп тиімді басқару үшін технологиялар қолданылып жүйеленген.

Жұмыс тобының қорытындылары мен ұсынымдары:

1) Балабақшадағы ақпараттық жүйелерді жүргізуді одан әрі жалғастыру.

Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

Талдау жүргізу кезінде халық өз мәселелерін осы өтініштері арқылы шешетіндігі және оның артуы анықталып отыр.

Жұмыстың ең басты қағидаларының бірі – көмек сұрағандарға көмектесе отырып, бюрократиялық жазбаларды тоқтату.

«Сенім телефоны» іске қосылып, оған түскен шағымдар есебі жүргізілді.

Талдамалық анықтаманы қарау үшін «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ- не ұсынылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

Жұмыс тобы

№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы
менгерушісі:



Амирова Г.Т.

Әдіскер:

Абдуллина Н.Т.

Кәсіподақ ұйымының төрайымы:

Дауева А.З

Есепші:

Жумагазина М.С

Ата- аналар комитеті мүшесі :

Айтжанова Ж.В

Хатшы:

Көшерқызы А